

БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай балабақша
меңгерушісі:.....Г.Жанибекова
«.....» «.....» 2021 жыл



«Біз қандай ата-анамыз?»



Балабақша психологі: Р.Ходжакулова

Мақсаты: ата – ана өз баласын түсіну мүмкіндіктерін кеңейту, үштік одақ қарым – қатынасын күшейте түсу.

Барысы: «Кәусар бұлақ»

Мен баламды білемін бе?

«Отбасылық социограмма»

«Ата – ана туралы» видеоролик

«Кәусар бұлақ»

Мақсаты: сәлемдесу, ата – аналар арасындағы қарым – қатынасты дамыта түсу.

Барысы: Әр ата – анаға жеке – жеке шар таратылып көңіл – күйі сұралады. Қолдарына А4 форматтағы ақ парак беріледі. Ата – аналарға тапсырма А4 форматтағы ақ парактарды бір – біріне қосып бір бұлақ бойымен қолдарындағы шарларды өткізіп көлшікке жеткізулері қажет.

«Мен баламды білемін бе?»

Барысы: алдарыңызда тұрған төрт суреттің біреуін таңдауларыңыз керек. (тоты құс, маймыл, піл, қонжық)

Таңдауларыңызға қарай ұсыныс пен мінездеме беріледі.

Нәтижесі:

Тоты құс – жайдарлы, жарқын, белсенді. Берілген тапсырманы уақытында орындайды. Айналасындағы шуға көңіл бөлмейді. Балалармен тез қарым – қатынасқа түседі. Күн тәртібін сақтайды. Егер де күн тәртібі бұзылса, көңіл – күйі болмай, тез ренжіп қалады.

Ұсыныс: балаға қолайлы орта жасаңыз.

Піл - баяу қимылды, қыңырлыққа бейім, Сурет салғанды жақсы көреді, бұндай балалар жай басып биіктен көріне алады.

Ұсыныс: бала өзі істей алатын істерді жасап бермеу, өзбеттілікке үйрету керек екендігін айтамыз.

Қонжық - өте нәзік, айналасында болып жатқан нәрселерге көп көңіл бөледі. Тез шаршайды. Өзімен өзі болғанды ұнатады.

Ұсыныс: балаға үйде тыныш қолайлы жағдай туғызу. Өзгерістер мен жаңалықтардан алдын – ала хабардар ету.

Маймыл – шапшаң, жігерлі. Шулы жақсы ойындарды жақсы көреді. Тез ашуланады. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізбейді.

«Отбасылық социограмма»

Барысы: Қатысушыларға үлкен шеңбер салынады. Үлкен шеңберді төрт бөлікке бөлеміз. Сол төрт бөлікке жанұя мүшелерін салып шығады. Қанша салса да өзі біледі. Жанұя мүшелерін қалдырмауы тиіс. Салғанына қарай отбасындағы қарым – қатынастың, бір – біріне көз-қарасының нәтижесі анықталады. Сондай – ақ оң және сол жаққа салынған шеңбергеде қатысты болмақ.

«Ата – ана туралы» видеоролик

Ата – аналарға видео ролик көрсетіледі. Сол көрсетілген видеоролик ролик бойынша сұрақтар қойылып қорытынды пікірлер айтылады.

Қорытынды:

«Жас ұрпақ, жаңа бағытта»

1. Бүгінгі жүргізілген іс – шарадан алған әсерлері;
2. Әр бір ата - ана ой-пікірін түрлі – түсті қағаздан, суреттерді салып жапсыру арқылы бір ойды жеткізу.